

Нусипжанов Н.С., Абаева Қ.Т., Каспакбаев Е.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«ЕРТІС ОРМАНЫ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ОРМАН РЕЗЕРВАТЫНДАҒЫ
ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚОЛДАНУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада орман өрттерінің пайда болу себептеріне талдау берілген, орман өртінің негізгі себептері антропогендік фактор мен табиғи факторлар (құрғақшылық мерзім мен найзағай) болып табылады.

Кілт сөздер: мемлекеттік орман табиғи резерват, резерват филиалы, орман өрттері, авиаорманқорғау.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың бірі – «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты болып табылады. Ол ҚР Үкіметінің 2003 жылы 23 қаңтарындағы №75 Қаулысы мен Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитетінің 2003 жылы 28 ақпанындағы №30 бұйрығының негізінде ормандар және жануарлар дүниесін қорғау бойынша Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аң шаруашылығы Комитетінің Бесқарағай және Шалдай орман шаруашылығы мекемелерінің бірігуі арқылы құрылды. «Ертіс Орманы» резерватында 2 филиал – Бесқарағай және Шалдай құрылған, 158349 гектар аумақты алып жатқан жануарлар дүниесін қорғау бойынша 16 орман мекемесі жұмыс істейді.

Жалпы мемлекеттік орман табиғи резерваты орналасқан ауданның климатын қысқаша келесідей сипаттама беруге болады:

- а) климаттың айқын континентальдығы;
- б) жауын – шашын мөлшерінің аздығы және тұрақсыздығы;
- в) ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмендігі.

Өр нәрсенің жауы бар демекші, осы әсем дүниені түп орнымен құртып жіберетін орманның үлкен жауы өрт жиі болып тұратыны ашық шындық. Өрт қашан болсын қауіпті. Солардың ішінде орман өрті ең қатерлі апаттардың бірі. Оны ауыздықтау өте қиын, әсіресе құрғақ жаз маусымында болған өрттер орнында қап-қара алаңқайлар, кей кезде үлкен қара дала қалады. Оны сояу-сояу болып тұрған күйген ағаштар түбірлері мен бұтақтары өте ұсқынсыз етіп жібереді. Ағашпен бірге қаншама құнды өсімдіктер түбірімен жойылады, аңдар күйіп, қашып құтылғаны қайда барарларын білмей сасады. Өніп келе жатқан жас өскін күйіп кетеді, өнуі мүмкін түбіртектер мен орман ішіндегі өсімдіктер жойылады. Өрт орманды жалмап болып, төңіректегі далаларға, егістікке, ауылдарға қауіп төндіреді.

Әлемдік статистика өрттердің үш пайызы ғана найзағайдан немесе өзге табиғи себептерден болады, қалғандарына адамдардың өздері кінәлі болады дейді. Орман өрттері орманы аз біздің облысымыз үшін ең қауіпті. Нақтылап айтқанда, 1993 жылдан бастап 2003 жылға дейін облысымызда 408 орман өрті болып, 13665 гектар орман алқабы өртке шалынды. Ал өткен 2002 жыл бойында облыс бойынша 18 орман өрті болып, онда 123 гектар орман алқабы отқа оранып, орман шаруашылығына 237500 теңге зиян келтірді.

Әлемді толғандыратын үлкен мәселенің бірі ол орман өрттері. АҚШ, Австралия, Канада, Еуропа елдері мен Ресейде орман өрттері өршуде. Жыл сайын әлемде шамамен 10-15млн.га орман алқаптары өртке оранады, ал жекелеген жылдары одан да көп [1].

Ормандарды пайдаланудың мұндай режимін және орман шаруашылығын жүргізу деңгейін сақтау барысында 2000 жылға Павлодар облысының қарағайлары сарқылу шегінде болар еді, бұл басты ағаш кесулердің толық қысқаруына, ормандардың қалыпты ұдайы өндірісі мен экологиялық тұрақтылықтың едәуір төмендеуіне әкелер еді [2].

Орман өрттері кең таралған және жүйелі түрде қайталанып отыратын стихиялық апаттарының бірі болып табылады, себебі қарағайлы жолақтардың табиғи немесе климаттық жағдайларға қарай жоғары жанғыштығымен сипатталады. Соңғы жылдары өрттердің саны орташа есеппен жылына өсіп отырды. Өрттердің ең көп мөлшері қарағайлы жолақтарда бақыланады.

Ормандарды қорғау қазіргі уақытқа дейін Қазақ ормандарды авиациялық қорғау базасының жедел бөлімшелерімен бірлесіп, МИ-2 және МИ-8 тікұшақтарын пайдалана отырып, құрылықтағы орман қорғау күштерімен жүзеге асырылып келді.

Қарағайлы жолақтардың жоғары жанғыштығы үнемі жел тұратын, жауын – шашын аз болатын ыстық жаз және қылқанның оңай жануымен және орман төсемесі мен түскен жапырақтардың жоғары қарқынды жануымен байланысты болады.

Ауданда орман қорғауды интенсификациялау, орман өсіруді жүргізу және аумақтың өртке қарсы құрылғысы қажет. Авиа күзетумен қатар, мұнда аумақты өрт бақылайтын мұнарадан бақылау керек, сонымен қатар қорғалатын аумақты құрлықтан күзету қажет [3].

Ертіс маңы қарағай жолақтарының табиғаты ерекше және олар өткен дәуірде мұздықтардың еруінің нәтижесінде еріген сулар өтетін бұрынғы арналардың орнында пайда болды. Бұл жерлерде топырақ және ауа – райы, климаттық жағдайларды таңдамайтын кәдімгі қарағай өседі. Нәтижесінде Ресей Федерациясының Алтай жерінен бастау алып, Қазақстан республикасының Павлодар облысында кеңінен созылып жатқан қарағай жолақтарының кешені қалыптасты. Бұл жолақтар 278 мың га аумақта өсіп жатыр. Қарағай жолақтары жартылай шөлдің шекарасында орналасқан және жел эрозиясымен күресте қорғаушы барьер бола отырып, ерекше құндылыққа ие, су қорғау және климат реттеуші функцияларды атқарады, сонымен қатар рекреациялық ресурстарға ие және аудандағы ағаш жабдықтаушысы болып табылады [4].

Материалдар мен әдістер

Бүгінде резерватты ұйымдастыру аяқталды, қорғау аймағы бойынша кейбір заңды сұрақтар ғана қалды. Резерват аумағын қорғау бойынша мемлекеттік инспекторлар болып табылатын мамандар штаты жиналды.

Резерватты ұйымдастыруға байланысты қаржыландыру жақсарды. Бюджет бойынша өтетін резерват қызметкерлері еңбек ақыны уақытында алады. Өртке қарсы іс – шараларының қаржыландырылуы ұлғайды, орман өрттерін сөндіру қызметі қалпына келтірілді. Үстіміздегі жыл ішінде ЗИЛ – 131 4 өрт автокөлігі, 2 жеңіл УАЗ алынды.

Сұғанақтармен және орман ұрыларымен күрес үшін 20 мобильді топ құрылды. Осы зұлымдықпен күреске облыс және республика заң қорғау органдары шықты.

Резерватқа жүктелетін осы маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру қарағайлы ормандардың экологиялық жағдайын жақсартады және осы аумақтағы табиғи ресурстарды тұрақты және теңгермелі пайдаланылуын жақсартады [9].

Лебяжье және Шарбақты аудандық акиматтарында «Жедел өрт сөндіру жоспарлары» бекітілген, онда филиалдар мен орманшылықтардың ауыл округтарымен, аудандық ТЖ қызметтерімен өзара әрекеттесу тәртібі анықталған.

Бұйрықпен резерват бойынша «Өрт қауіпсіздігі Ережелерін» сақтауға құрылымдық бөлімшелер бойынша жауапты лауазымды тұлғалар тағайындалды, өрт қызметінің, одан қорғау штаттары толығымен жинақталған.

Өрт сөндіру штаты құрылды, команда мүшелерінің функционалды міндеттері анықталды.

Орман массивтеріне жақын жатқан елді мекендерде «Ертіс орманы» МОТР ММ мамандары мен ауыл әкімдерінің қатысуымен халықпен, «эрозия ұшыраған жерлердегі пішіндік жерлерді өртеу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері туралы» жиналыстар жүргізілді.

Өрт-химиялық станцияларда, өртті қадағалау мұнараларында, орманшылықтардағы шлагбаумдарында кезекшілік ұйымдастырылды.

160 км жаңа минералданған жолақтан құрылды, көлемі 9160 км қолда бар минералданған жолақтарды күту жүргізілді.

Орманды өрттер алқабы және өрттің орташа алқабы соңғы 5 жылмен салыстырғанда орташа статистикалық көрсеткіш бойынша 10 есеге кеміген.

Авиаорманқорғау жұмыстарын қаржыландыру ақшасы жылдың басында түсудің арқасында, өрт қауіптілігі мерзіміне дайындалу жұмыстары өз уақытысында іске асырылды.

Бекітілген жоспар бойынша авиаорманқорғау қызметкерлерімен дайындалу мерзімі ішінде келесі жұмыстар орындалды: жердегі орман қорғау қызметкерлерімен өзара әрекеттесу мақсатында орман пайдаланушылармен жиналыстар өткізілді, өртке қарсы профилактика жөнінде радиодан, теледидардан айтылды, Төтенше жағдай Министрлігі және Мемлекеттік өртке қарсы қызметкерлерімен өзара әрекеттесу шараларын тәжірбиелік жұмыспен өткіздік.

Наурыз айында ұшқыш бақылаушылардың барлығы медициналық күәландырудан өтіп, жұмысқа жіберілді. Өрт қауіпі мезгіліне дейін Қазәуеорманқорғау барлық бөлімшелерінде өрт жасақтар мамандығын растау үшін теориялық сабақтар жүргізілді. Емтихан нәтижелері бойынша өрт-жасақтар куәліктері ұзартылып, СУР, ВСУ, мотопомпа, радио байланыс құралдарымен жұмыс істеуге жіберілді. Норма бойынша әуе бөлімшелердің өрт-жасақтар топтары өрт сөндіру құралдарымен табор мүліктермен жабдықталды. Өрт қауіпті мезгілі басында облыста ұшқыш-бақылаушылар Ми-8 тік ұшақтан СУ-Р арқылы өрт-жасақтарын түсіру үшін әуе жаттығулары жүргізіліп жұмысқа жіберілді.

Өрт қауіпі мезгіліне дейін барлық бөлімшелерде ұшып-қону алаңдары, әуе жанар-жағар май қоймалары, жанар-жағар май құйып беретін пунктер дайындалды, қызмет үйлеріне ағымды жөндеу жүргізілді, әуе жанар-жағар май сақтау қоймалары тазартылды. Қазәуеорманқорғау әуебөлімшелерінің басқарушыларымен бірге жердегі орман қорғау қызметкерлері орман қорғау аумақтарының шекараларын және радио алмасу тәртібін келісіп шешті.

Зерттеу нәтижелері

Өрт қауіпі мезгілінде орман және аң шаруашылығы Комитетімен келісім бойынша жеке меншіктің бір Ми-2 тікұшағымен ұзақты тендер шарасын өткізусіз орман қорғау жұмыстары наурыз айында басталды. Павлодар авиатобында және ШҚО бөлімшесінде орманды өрттен қорғау ұшулары 10 сәуірде басталды. Баға ұсыныс тәсілмен өткізілген «Әуе орман жұмыстарын орындау үшін әуе кемелерін жалға алу» тендерден кейін әуе компаниялармен шарт-келісімге тұрып әуе жұмыстарын орындауға кірісті. Қорғалатын аумақтың ұлғаюына байланысты осы жылы қосымша екі авиатоп ұйымдастырылды.

ҚР ауыл шаруашылығы министрілігінің ОАШК-нің бұйрығына сәйкес, жергілікті және өрт жағдайларына байланысты, өрт қауіптілігі мерзімінің басы 10 сәуір және аяғы 10 қараша деп белгіленді. Төртінші тоқсанда өрт қауіптілігі мерзімін өзгерту туралы бұйрық

келіп түсті, өрт қауіптілігі мерзімінің аяқталуы 31 қазан деп белгіленді. Өрт қауіптілігі мерзімінде барлық орман қорғайтын аумақтарда авиапатруль жүргізілді 8869,0 мың га жерде, ол барлық мемлекеттік орман қорының 33,8%-ын құрады және авиаорманқорғауда 8768 сағаттық патрульдік жұмыс атқарылды.

Патрульді жұмыстарымен қатар орманның санитарлық жағдайын жалпы қадағалау, өсімдік және жануар әлемі және ерекше қорғайтын табиғи аумағындағы заң бұзушылығын табу және тоқтату, өрттің пайда болуының алдын-алу шаралары (ЗСВС, ұнпарақ көмегімен насихаттау) жүргізілді.

Барлық болған іс жайындағы деректер орман зиянкестері мен аурулары ошағының табылуы орман басқармаларына және облыстың аумақтық инспекцияларға хабарланды.

Барлық орман қорғау аумағында әуе патрульдің еселігі мен ұшу кестесі өрт қауіпі сыныбы және өрттің болуына байланысты жүргізілді.

Әуеден бақылаушы өрт сөндіруші десантшылар уақтылы өрт болған жерді анықтап, соған тез қимылмен өртті сөндірудің арқасында, өрт шыққан жердің көлемін үлкейтуге жол бермеді.

Күзететін аумақта авиациямен қарауылдау күндері шыққан өрттердің негізінде десанткерлердің күшімен қажетті жағдайда жердегі орман күзетшілерінің күшімен қосылып өшіріледі. Өрттің үлкен аумаққа айналуы жағдайында төтенше жағдай Министрлігінің және мемлекеттік өртке қарсы қызметкерлері көмекке шақырылады. Өртті әуеден қарауылдау мерзімі басталғанша авиадесант қызметкерлері өрт шыққан жерге автокөлікпен жеткізіледі. Өрттің шыққаны туралы ақпарат, оның дамуы және өшіру жолдары уақтылы Республикалық диспетчерлік қызметке, орман және аң шаруашылығы Комитетіне және басқа өртке қатысы бар мекемелерге беріледі.

Өрттердің шыққан жерін анықтауда ең жоғарғы көрсеткіштерге Павлодар, Баянауыл және Бөкебай авиатобы ие болды. Төмендегі кестеде 2003-2013 жылдар аралығында болған орман өрттерінің пайда болу себептері келтірілген. Ауыл шаруашылық қалдықтарды өртегенде жалынға ие бола алмағандықтан кейбір жағдайда мемлекеттік орман қорының жеріне өтіп кету жағдайлары болып тұрады, сондықтан желдің бағытын қадағалап отыру қажет. 2003-2013 жылдар аралығында 29 дала өрті болған. Осы жылдар аралығында 1039 жалпы өрт болыпты, оның 611 найзағайдан, 385 жергілікті халықтың кесірінен, 13 өрттің себебі анықталмаған.

Кесте 1 - 2003-2013 жылдар аралығында болған орман өрттерінің пайда болу себептері

Жыл- дар	Орман өрттерінің шығу себептері									
	Ауыл шаруашы- лық қалдығын өртеу		Найзағайдан		Жергілікті халық кесірінен		Белгісіз себептерден		Жалпы өрт	
	Саны.	орман аумағы	Саны	орман аумағы	Саны.	орман аумағы	Саны.	орман аумағы	Саны	орман аумағы
2003	19	926	49	9	69	1612	-	-	137	2547
2004	1	0,6	34	41	57	91	-	-	92	133
2005	4	64,2	73	4 565	61	1310,1	2	0,901	140	59,4
2006	2	4758,5	132	251,8	42	1328,3	1	960	177	7298,6
2007	-	-	47	16,1	19	774,1	-	-	66	790,2
2008	2	2.8	59	4.3	36	1248.4	5	12.5	102	1268
2009	-	-	64	7.6	20	9.4	-	-	84	17.1

2010	1	2008	20	3.3	32	14.6	6	1283.7	59	3309.6
2011	-	-	67	149.16	14	29.86	-	-	81	179.02
2012	-	-	48	56,003	29	73,276	-	-	77	129,279
2013	-	-	18	3,3	6	6,72	-	-	24	10,02
жалпы	29	7760,1	611	5106,6	385	6497,7	13	2257,1	1039	15741,219

2-кестеде өрт орнына авиаөрт қызметінің жұмыскерлерін және өрт сөндірушілерді жеткізу мәліметтері көрсетілді. Орман өртін 1997-2013 жылдар аралығында басым көпшілігін өрт басталған күні сөндіріп үлгерген, тек қана 1997 жылы 9 өртті келесі күні өшірген, мұнда 7 гектар орманды алқап жанып кеткен.

Кесте 2 - Өрт орнына авиаөрт қызметінің жұмыскерлерін және өрт сөндірушілерді жеткізу

жылдар	Өрт сөндірушілерді жеткізу				Өрт орнына авиаөрт қызметінің жұмыскерлерін жеткізу				
	Өрт болған күн өшірілгені		Келесі күн өшірілгені						
	саны	орман аумағы, га	саны	орман аумағы, га	1-2 сөндіруші	3-6 сөндіруші	7-11 сөндіруші	12-30 сөндіруші	көп 30-дан сөндіруші
1997	113	15740	9	7	64	58	-	-	-
1999	15	1088	-	-	11	4	-	-	-
2003	96	2455,3	-	-	77	19	-	-	-
2004	70	11,6	-	-	56	10	4	-	-
2005	100	18,927	-	-	38	59	26	-	-
2006	149	7157,3	-	-	33	88	28	-	-
2007	56	788.9	-	-	12	30	14	-	-
2008	34	1260.5	-	-	21	61	12	-	-
2009	76	17.1	-	-	11	58	7	-	-
2010	54	3309.4	-	-	19	31	4	-	-
2011	73	178.77	-	-	28	36	9	-	-
2012	70	125,574	-	-	17	31	22	-	-
2013	24	10,02	-	-	9	4	11	-	-
барлығы	930		9						

Орман өрттерін өшірумен қатар авиабөлімшелер акиматтың жеріне қарасты дала өрттерін де өшіруге белсене ат салысты, әйтпесе олардың мемлекеттік орман қорына өтіп кету қаупті бар еді. Есеп беру мерзімінде авиадесанттық қызмет 41513 га алқапты қамтыған 141 дала өртін өшіруге қатысты. Дала өртін өшіруге төтенше жағдайлар министрлігі, өрттен қорғау, авиадесанттық қызмет, жердегі орман күзетшілері және де жергілікті халықтар да қатысты.

Қорытынды

Ірі орман өрттерінің туындауына әсер еткен факторлар: жоғары температура; күшті жел; ұзақ мерзімде жауынның болмауы; бір уақытта бірнеше жерде өрт сөндіру, құрал-сайманның жетіспеуі; өрттердің қашықтығы; өрт таулы, ойлы- қырлы жерлерде болуы; су қашықта немесе су жетіспеушілігі.

Облыстық әкімшілікке қараулы мемлекеттік мекемелерде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда өрт санының аз болуы үшін:

- кең көлемде химиялық заттарды орман өрттеріне қарсы қолдану (сулағыш, өрт сөндіргіш құралдары, көбіктендіргіштер);

- орман өрттері туралы ескерту;
- профилактикалық жұмыстарды күшейту;
- жергілікті әкімшілікке қараулы мекемелерде жаппай болып жатқан дала өрттеріне көзқарастарын түпкілікті өзгерту. Өз уақытында өшірілмеген өрттер аса апатты көлемге кетіп, мемлекеттік орман қорына кіреді;
- ірі орман өрттерін сөндіру үшін арнайы мамандарды, басшыларды өрт өшірудің айла тәсілдеріне дайындауға арналған оқу орындарын ұйымдастыру қажет;
- тәжірбие жүзінде қарсы өрт қою жолдарын үйрену;
- өртке қарсы химиялық станцияларын керекті заттармен қамтамасыз ету: (өрт сөндіргіш машиналарымен, тракторлармен, мотопомпалармен, ранцылық өртсөндіргіштермен және басқа нормативтер бойынша);

Мемлекеттік мекемелерге өртке қарсы арналған жол құрылыстарын салып, минералды жолақ жүргізіп оларды бабында күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу керек.

Әдебиеттер

- 1 Лесной кодекс Республики Казахстан, 2009г.
- 2 Орман өрттерін сөндіру басшысына арналған көмекші құрал. Алматы 2008ж.
- 3 Орынбаев Ө. Қазақстан ормандары. Алматы, 1971.
- 4 Наставления по лесовосстановлению и лесоразведению в государственном лесном фонде Казахской ССР. Алма-Ата, 1988.

Нусипжанов Н.С., Абаева К.Т., Каспакбаев Е.М.

ПРОТИВОПОЖАРНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ В ГОСУДАРСТВЕННОМ ЛЕСНОМ ПРИРОДНОМ РЕЗЕРВАТЕ «ЕРТІС ОРМАНЫ»

В статье дается анализ лесных пожаров по причинам возникновения, основными причинами является антропогенный фактор и природные факторы (засушливый сезон и молнии).

Ключевые слова: государственный лесной природный резерват, филиал резервата, лесной пожар, авиалесоохрана.

Nusipzhanov N.S., Abaeva K.T., Kaspakbaev E.M.

FIRE-FIGHTING ACTIVITIES IN THE STATE FOREST NATURAL RESERVE "YERTIS FOREST"

In the article the analysis of forest fires is given on reasons of origin, principal reasons are an anthropogenic factor and natural factors(droughty season and lightnings).

Key words: the state forest natural reserve, a branch of the reserve, a forest fire, forest fire service.